

Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № А-11/556 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 5С-20-10 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қаңтарда № 3976 болып тіркелді

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «селолық» деген сөз «ауылдық» деген сөзбен ауыстырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.02.2015 № А-2/65 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес, облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру мақсатында, «Ақмола облысы әкімдігі мен мәслихаттың қарауына Ақкөл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгертулер енгізу туралы ұсыныс енгізу туралы» Ақкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы № А-3/101 қаулысы мен Ақкөл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 наурыздағы № С 15-6 шешімі, «Аршалы ауданы Волгодонов ауылдық округінің Береке селосын басқа ауылдық санатқа ауыстыру жөніндегі ұсынысты енгізу туралы» Аршалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 ақпандағы № А-67 қаулысы мен Аршалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 ақпандағы № 13/6 шешімі, «Астрахан ауданының әкімшілік-аумақтық орналасуын өзгерту бойынша ұсыныс енгізу туралы» Астрахан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 173 қаулысы мен Астрахан аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 мамырдағы № 5С-17-3 шешімі, «87-разъезді жабу және оны Атбасар ауданының Тельман ауылдық округінің Тельман селосының құрамына қосу туралы ұсыныстар енгізу туралы» Атбасар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № а-6/317 қаулысы мен Атбасар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 маусымдағы № 5С 16/4 шешімі, «Есенкелді ауылдық округін, Борисовка, Новосельский, Сепе, Сочинский ауылдық округтерін өзгерту туралы ұсыныстар енгізу туралы» Атбасар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № а-13/715 қаулысы мен Атбасар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 5С 12/5 шешімі, «Бурабай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту бойынша ұсыныс енгізу туралы» Бурабай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 маусымдағы № а-6/345 қаулысы мен Бурабай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 маусымдағы № 5С-16/2 шешімі, «Ақмола облысы Бурабай ауданының «17 разъезд» және «19 разъезд» елді мекендерін

басқа қоныстар санатына көшіру туралы» Бурабай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 маусымдағы № а-6/346 қаулысы мен Бурабай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 маусымдағы № 5С-16/3 шешімі, «Егіндікөл ауданы Бауман ауылдық округін қайта құрылуы туралы ұсынысты енгізу туралы» Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 желтоқсандағы № а-12/275 қаулысы мен Егіндікөл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 5 желтоқсандағы № 5С 21-2 шешімі, «Еңбекшілдер ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу туралы» Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 2 мамырдағы № а-3/134 қаулысы мен Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 мамырдағы № С-16/2 шешімі, «Ерейментау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы» Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № а-3/155 қаулысы мен Ерейментау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 5С-13/8-13 шешімі, «Есіл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізу туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қарашадағы № а-11/514 қаулысы мен Есіл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 қарашадағы № 12/2 шешімі, «Есіл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізу туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № а-4/194 қаулысы мен Есіл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 17/11 шешімі, «Жарқайың ауданының кейбір ауылдық округтерінің қайта құрылуы туралы» Жарқайың ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № А-6/194 қаулысы мен Жарқайың аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 мамырдағы № 5С-21/2 шешімі негізінде Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Ақкөл ауданы бойынша:

Наумовка ауылдық округінің Филипповка ауылы басқа қоныстар санатына ауыстырылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

Наумовка ауылдық округінің Филипповка қонысының тұрғындары Наумовка ауылдық округі Наумовка ауылының құрамына енгізілсін;

2) Аршалы ауданы бойынша:

Волгодонов ауылдық округінің Береке ауылы басқа қоныстар санатына ауыстырылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

Волгодонов ауылдық округі Береке қонысының тұрғындары Волгодонов ауылдық округі Қойгелді ауылының құрамына енгізілсін;

3) Астрахан ауданы бойынша:

Каменка ауылдық округі Каменка ауылы болып қайта құрылсын;

4) Атбасар ауданы бойынша:

Борисовка ауылдық округі Борисовка ауылы болып қайта құрылсын;

Новосельский ауылдық округі Новосельское ауылы болып қайта құрылсын;

Сепе ауылдық округі Сепе ауылы болып қайта құрылсын;

Сочинский ауылдық округі Сочинское ауылы болып қайта құрылсын;
Есенгелді ауылдық округі Есенгелді ауылы болып қайта құрылсын;
Тельман ауылдық округінің 87-разъезд ауылы басқа қоныстар санатына ауыстырылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

Тельман ауылдық округінің 87-разъезд ауылының тұрғындары Тельман ауылдық округі Тельман ауылының құрамына енгізілсін;

5) Бурабай ауданы бойынша:

Наурызбай ауылдық округі Наурызбай батыр ауылы болып қайта құрылсын;
Кенесары ауылдық округінің 17-разъезд және 19-разъезд ауылдары басқа қоныстар санатына ауыстырылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

Кенесары ауылдық округінің 17-разъезд және 19-разъезд ауылдарының тұрғындары Кенесары ауылдық округі Кенесары ауылының құрамына енгізілсін;

6) Егіндікөл ауданы бойынша:

Бауман ауылдық округі Бауман ауылы болып қайта құрылсын;

7) Еңбекшілдер ауданы бойынша:

Еңбекшілдер ауылдық округінің Атансор ауылы басқа қоныстар санатына ауыстырылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

Еңбекшілдер ауылдық округінің Атансор ауылының тұрғындары Еңбекшілдер ауылдық округі Еңбекшілдер ауылының құрамына енгізілсін;

Кеңащы ауылдық округі Кеңащы ауылы болып қайта құрылсын;

Заозерный ауылдық округі Заозерное ауылы болып қайта құрылсын;

Краснофлотский ауылдық округі Краснофлотское ауылы болып қайта құрылсын;

Мамай ауылдық округі Мамай ауылы болып қайта құрылсын;

8) Ерейментау ауданы бойынша:

Ақсуат ауылдық округі Ақсуат ауылы болып қайта құрылсын;

9) Есіл ауданы бойынша:

Красивинский ауылдық округінің Тасоба ауылы басқа қоныстар санатына ауыстырылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

Красивинский ауылдық округі Тасоба ауылының тұрғындары Красивинский ауылдық округі Красивое ауылының құрамына енгізілсін;

Знаменский ауылдық округінің Елтай ауылы басқа қоныстар санатына ауыстырылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

Знаменский ауылдық округі Елтай қонысының тұрғындары Знаменский ауылдық округі Знаменка ауылының құрамына енгізілсін;

Знаменский ауылдық округі Знаменка ауылы болып қайта құрылсын;

Юбилейный ауылдық округі, оның құрамына Біртал ауылдық округінің Ейское ауылы енгізіліп қайта құрылсын;

Интернациональное, Біртал және Алматы ауылдарының шекараларында орталығы Интернациональное ауылы болып Интернациональный ауылдық округі

әкімшілік-аумақтық бірлігі құрылсын;

Юбилейный ауылдық округінің шекарасы Интернациональное ауылын Юбилейный ауылдық округінің әкімшілік бағынысынан Интернациональный ауылдық округінің әкімшілік бағынысына беру арқылы өзгертілсін;

Біртал ауылдық округі таратылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылсын;

10) Жарқайың ауданы бойынша:

Шойындыкөл ауылдық округі Шойындыкөл ауылы болып қайта құрылсын;

Пятигорское ауылдық округі Пятигорское ауылы болып қайта құрылсын;

Гастелло ауылдық округі Гастелло ауылы болып қайта құрылсын;

Құмсуат ауылдық округі Құмсуат ауылы болып қайта құрылсын;

Бірсуат ауылдық округі Бірсуат ауылы болып қайта құрылсын;

Львовское ауылдық округі Львовское ауылы болып қайта құрылсын;

Үшқарасу ауылдық округі Үшқарасу ауылы болып қайта құрылсын;

Пригородное ауылдық округі Пригородное ауылы болып қайта құрылсын;

Тасөткел ауылдық округі Тасөткел ауылы болып қайта құрылсын;

Тассуат ауылдық округі Тассуат ауылы болып қайта құрылсын;

Далабай ауылдық округі Далабай ауылы болып қайта құрылсын.

2. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Қ. Айтмұхаметов

Ақмола облыстық мәслихаты

сессиясының төрағасы

Н. Ысқақов

Ақмола облыстық

мәслихатының хатшысы

Н. Дьячек